

20 Славко А.А. Детская беспризорность и безнадзорность в России конца 1920-х – начала 1950-х годов: социальный портрет, причины, формы борьбы: автореф. дис. на соискание уч. степени доктор ист. наук / А.А. Славко. – Самара, 2011. – 78 с.

21 Полянская Т. «Социально опасные дети» - террор против семей «изменников Родины» // Живая история: Приложение к журналу «Живая история. Историю создаете вы» / Гл. ред. Аникин Н. – 03/2017. – № 2 (20). – С. 26-31.

22 Сипакова Е.А. Дети в системе ГУЛАГа. 1941 - 1953 гг. (на примере Южного Урала) // Грани познания. История. - № 2 (12). – 2011.

23 Кстаубаева У. А. Реабилитация жертв политических репрессий в постсталинский период (1953– 1968 гг.) в Казахстане: особенности и противоречия // Исторические исследования: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). — Казань: Бук, 2015. — С. 70-85.

24 Карибжанова Е.А. Реабилитация жертв политических репрессий в 50-60-х гг. XX века: мифы и реальность // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» - №4(59), 2018. – с. 43-48.

25 Сутеева Х.А. Тулекова А.М. Начало процесса реабилитации репрессированных граждан в Казахстане и возвращенные имен жертв репрессии в 1955-1956 годы // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки» - №4(59), 2018. – с. 48-52.

26 Сактаганова З.Г. Политические репрессии в Казахстане в 1920-1980-е гг.: этапы, последствия и проблемы реабилитации // Отан тарихы - Отечественная история. - № 3(95) (2021). – с. 136-144.

АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН КУӘГЕРЛЕРДІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚҮРБАНДАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫНА ДЕРЕКТІК ТАЛДАУ

Малаев Д.Б.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаев қуғын-сүргін құрбандардың толық ақтау жөнінде құрылған мемлекеттік комиссия жұмысының нәтежесінде архив материалдары қарапайым зерттеушілерге қол жетімді болды. Кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан әр қазақ отбасы зардап шекті. Мен, осы уақытқа дейін біздің әулет кеңес үкіметінен жамандық көрмеді деп ойлап жүрген болатынмын. Үйдегілер өткен өмір туралы аса айта қоймайтын. Ұмытып қалғаннан ба, әлде қорқып қалғаннан ба бұл тақырып әулетте өте құпия түрінде қалып келді. 1934 жылы дүниеге келген анам кейде шыдай алмай көзіне жас алып, бала кезінде есте қалған дүниелерді анда-санда айтып жүретін. Біз ол әңгімелерге бірде құлақ асып, бірде назар аудармайтынбыз. Мысалы, тамақ ішкен соң қалған қалдық нан, қалдық көже тағы басқа тамақтарды далаға лақтыртпайтын. Обал болады, - деп. Адамдар аштық жылдары нан қиқымын тауып жеуге зар болды, - деп ұрысып ескертетін. Үйдегілерге ысырапшылық жасамау керектігін айтып, аштық кезінде адамдар қалай қырылып қалғандығы туралы әңгіме шертетін. Әкем Ресейдің Кемер қаласында 1941 жылы туылған. Атам Смағұлдың туған жері Қу ауданы қазіргі Арқалық ауылының жанындағы Шілдебай деген жер. Анамның айтуы бойынша әкемнің тұқымы байлар болса керек. «Советтер келгенде бай, байшекей болып елден қашқан. Сол қашып пісіп кейін қайта оралған» деп, қысқа жауап беретін. Болды осы жерден әңгіме үзіледі.

2021 жылы маусым айында Семей қаласында тұратын 1937 жылы туған Мапу деген апаммен таныстым. Ол кісі әкеммен Кемерде бірге өскен. Апаммен ұзақ әңгімелестім. Отызыншы жылдары туыстарының бастан кешкен тарихын айтып берді. Ол кісінің айту бойынша, Кеңес үкіметі ұжымдастыру саясатын іске асырғанда, 1928 жылы мал-мүлікті кәмпескелеуден бастады. Малды үкімет тартып алды. Елде жоқшылық, аштық басталды. Сол кезде Шілдебай ауылында тұрған адамдардың көп бөлігі, оның ішінде туған атам Смағұл Түсіпбайұлы ағасы Ыбышпен Алтай жаққа қашқан. Алтайға келгенде Кемерде

жаңадан жұмыс орындар ашылып жатқандығын естиді. Ол жерде қазақтарды жұмысқа алады екен. Кемерде жаңа шахталар ашылған. Көп қазақ Кемерге барып, шахта Пионерскаяның жанындағы ауылға келіп жан сақтап қалады. Бұл жақтарға келсе аштық жоқ. Адамдар жертөл үйлерде тұрып жатыр, ел картошкамен күн көріп жүр екен. Осылай менің атам мен Ыбыш ағам шахтаға тұрып, аман қалған.

Сол кезде Арқадағы қалың ел аштықтан қашып Рейдің Алтай, Кемер, Новосибирь, тіпті Қиыр шығысқа өтіп кетіп жатты. Алтайға Қу бауырынан аталарымды жетектеп алып келген Смағұлдың Ескожа деген нағашысы. Ол қожа руынан. Ұрпақтарының айтуы бойынша Меккеге барған қажы, молла болған, ерекше қасиеті бар адам болған. Әулие Бекмысық қожаның ұрпағы. Мапу апайдың айтуы бойынша Ескожа Қарқаралының түрмесінде жатқанда, абақтының есігі өзінен өзі ашылып қалатын болған. Қарқаралы түрмесінің қарауылдары жақсы биік аттармен жүрген. Бір күні күзетшілердің көзі тайып кеткенде Ескожа түрменің есігін ашып алып ертеулі тұрған атқа қарғып мініп қашып кеткен. Ол кісі атпен көп жүрген адам. Алтайға көшті бастар алдында, алдымен өзі жалғыз сол жаққа атпен барып келген. Барғанда күндіз орман, сайда тығылған, тек түнде жол жүріп отырған.

Алтай жаққа барса аштық жоқ, байларды, шаруаларды қудалау жоқ екендігіне көзі жеткен соң Қуға қайта қайтып келіп Шілдебай тағы басқа көршілес ауылдағы елді көшіріп алып кеткен.

Немерелерінің айту бойынша Ескожаның зираты Егіндібұлақта. Жергілікті тұрғындар бұл жерде қасиетті адам жатыр деп тағзым етеді, - дейді.

Кей деректерде Ескожа Боқты көтерілісіне қатысты деп те айтады. Қазіргі кезде деректер анықталуда. ҰҚҚ архивтеріне қол жеткізу қиын. Әлі де құпия түрінде сақталуда. Құпиясыздандырылған деректерде тек келесідей мәліметтерді оқуға болады. Текеев Ескожа 1843 туған. Қарағанды облысы, Қу ауданы 4 ауыл тұрғыны. Қазақ. Бастауыш білімі бар. Жұмыс орыны/ мамандығы: Профессия / место работы: малшы.

Қайда және кім қамауға алынды: Қазақстандағы ОГПУ ІІІ Қарағанды аудандық бөлімі.

Бұлтартпау шарасы: қамауға алынды.

Тұтқындау күні: 1930 ж. Ақпан.

Айыптау: 58,2, 58т., 8, 58т., 10т. РСФСР ҚК.

Айыптау: 15 шілде 1930 ж.

Соттаған орган: Қазақстандағы ОГПУ ІІІ жанындағы үштік.

Бап: РСФСР ҚК 58-2, 58-8, 58-10.

Үкім: 3 жылға жер аудару (ссылки (высылка)).

Ақталған күні: 25 мамыр 1960 ж.

Ақтаған орган: ҚазКСР Жоғарғы Соты.

Ақталған негіздері: іс қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Деректер көздері: «КСРО-дағы саяси террордың құрбандары» ДБ; Алматы қаласы бойынша ҚР ҰҚҚД мәліметтері; Қазақстан Республикасы ІІМ [1].

Енді баптарын талдасак яғни не үшін айыптады:

Контрреволюциялық мақсаттарда немесе оның жекелеген өкілдерімен шет мемлекетпен байланыстар, сол сияқты соғыс жағдайында КСР Одағымен бірге жүрген немесе онымен араласып немесе блокада арқылы күрес жүргізетін шет мемлекетке қандай да бір жолмен жәрдемдесу 58-2-бап бойынша жазаланады.

58-8. Кеңес өкіметі өкілдеріне немесе революциялық жұмысшылар мен шаруалар ұйымдарының қайраткерлеріне бағытталған террористік актілер: жаза 58-2-бапқа ұқсас.

58-10. Кеңес өкіметін құлатуға, бұзуға немесе әлсіретуге немесе жекелеген контрреволюциялық қылмыстар жасауға шақыруды қамтитын үгіт - насихат немесе үгіт (58-2-58-9 - баптар), сол сияқты сол мазмұндағы әдебиеттерді тарату немесе дайындау немесе сақтау-алты айдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.

Жаппай толқулар кезінде немесе бұқараның діни немесе ұлттық алалаушылықтарын қолдана отырып немесе әскери жағдайда жарияланған жерлерде бірдей әрекеттер: жаза 58-2-бапқа ұқсас.

58-2. Қарулы көтеріліс, Кеңес Одағынан оның аумағының кез келген бөлігін күштеп қабылдамау немесе билікті басып алу мақсатында басып кіру ниетімен кез келген әрекет: мүлкі тәркіленіп, одақтас республиканың азаматтығынан және сол арқылы КСР Одағының азаматтығынан айыра отырып, еңбекшілерді ату немесе жау деп жариялау және жеңілдететін жағдайларда КСР Одағының шегінен біржола қуып шығару мүлкінің барлығын немесе бір бөлігін тәркілей отырып, кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыру [2].

Осындай аяусыз үш ондырмайтын баппен үштік 3 жылға соттаған дейді. Кейбір зерттеушілердің айту бойынша, егер үштік соттаса онда ол адам аман қайтпайды. Олар өздері беріп отырған үкімнің барлығын толық орындайды. Ал ол жерде 58-2 ату жазасы да бар.

Сонымен табылған ақпараттарды салыстыра келгенде, екі жағдайдың қисыны сәйкес келмей тұр. Біріншіден Мапу апайдың айтуы бойынша олардың әкелері Кемерге 1928 жылы кетті дейді. Мен сұхбат барысында, бәлкім 1930 немесе 1932 жылы шығар дегенде, жоқ, 1928 жылы деп нақты айтады. Оны ол кісінің Алматыда тұратын 1939 жылы туған сіңілісі Рымкеш апайда солай айтады. Екі апамен жеке - жеке сұраған едім. Бұл екі апайым да бухгалтер болған, сондықтан ол кісілер цифрдан жаңылмайтыны анық. Ал Есқожа атамыз 1930 жылы ОГПУ жездетеріне ұсталып отыр. Сонда ол неге 1928 жылы көшпен бірге қашқанда сол жақта қалып қоймады? Сонда ол Қуға қайта қайтып келген. Ондай болса сөз жоқ жүрек жұтқан адам болды. Не үшін, неге екі ортада әрі бері жүрді? Әлде басқа адамдарды құтқаруға қайта қайтып келді ме?

Тағы бір қызық жай, өлкетанушы Попов Ю.Г. Боқты көтерілісі туралы жазған еңбегінде көтеріліске қатысып сотталғандардың ішінде Текеев Ибрай [3] деген кісінің аты кездеседі, ол кім? Есқожаның жақын туысы ма, әлде екеуі бір адам ба?

Екішіден, егер үштік оны 3 жылға жер аударса. Сол қазіргі кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша үштік атып тастау мүмкін десе. Онда немерелері неге Есқожа атамыздың зираты Егіндібұлақта деп барып тағзым етіп жүр? Әдетте ОГПУ атса мәйтті бермейді ғой? Демек сұрақ әлі де бар. Бұл бағытта зерттеуді әлі де жалғастыру керек.

Енді Семейдегі ағайынның айтуы бойынша, атам Смағұл сол жақта үйленеді, әжемді қолдан алады. Әжем қожаның қызы. Сірә, екі ағайын бір үйдің қыздарын алған. 1941 жылы атам мен Ыбыш аға Кемер әскери военкоматтан соғысқа аттанады. Сол жылы менің әкем дүниеге келеді. Атам соғыстан оралмайды. Ыбыш аға бірнеше рет жараланса да еліне аман есен қайтып келеді. Бұл кезде әжем ауырып қайтыс болып, әкем кішкентайынан жетім қалады. Сондықтан Ыбыш ағаның қолында өседі. Ол кісіден алты ұл, алты қыз тарады. Әкемді шамамен он бес жасында Смағұл атамның туған қарындасы Бәтима апамыз Қорабай деген үлкен ұлын жіберіп, Егіндібұлақ ауданы сол кездегі Комсомол совхозына алып келеді. Осылай әкем орыстармен тұрып, орыстармен оқып, олармен дос болып орыстануға аз қалғанда туған еліне оралады. Тіпті ол жақта гармон ойнауды үйреніп алады. Тілі де орысша болды. Ал Ыбыш аға 1956 жылы Семейге көшіп келеді.

Тарихта белгілі Н. Хрущев билікке келгеннен кейін қоғам өмірін демократияландыру бағытында әрекет жасады. 1956 жылы ақпанда партияның XX съезі өтіп, онда жеке басқа табынудың зардаптарын жою туралы мәселе қаралды. Бұл съезде сталинизм қылмыстары әшкереленіп, оның қуғын-сүргін саясаты адамзатқа қарсы жасалған қылмыс деп бағаланды. Соған сәйкес Қазақстанда Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Н.Нұрмақов сынды қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар ақталды [4]. Осы кезде бас сауғалап кеткен қазақтар 28 жылдан кейін көп бөлігі қайтып келді, кейбіреулері сол жақта қалып қойды. Бірақ Шілдебай ауылынан кеткендердің бірде - біреуіде өз ауылдарына оралмаған. Қазақстанның әрбір облыстарына тарап кеткен, біз білетіндер Семей, Павлодар, Алматы, Қарағанды, Ақмолаға келіп орналасқан.

Міне осылай бір ғана әулеттің тарихымен сол кездегі елдің жағдайын байқауға болады. Бұл әрине трагедия. Біз осыдан әлі де ес жия алмай келеміз. Сыртқа шықпай көкейде жүрген жазылмаған жара. Тарыдай шашылған, талқан қылған тағдыр үшін кім жауап береді? Сол кез туралы айтатын адамдар күн сайын азайып барады. Ақиқатқа қол жеткізу үшін, олардың естеліктерін архивтік материалдармен салыстырамыз.

Ал Есқожа Текеев туралы айтар болсақ, ОГПУдың айыптауына сүйенсек, онда бұл адам діни сауаты бар, ел ішінде беделді болған тұлға. Ел басына күн туғанда, халықты аштықтан сақтап қалу үшін басын бәйгіге тіккен. Аталған тақырыпты зерттеу барысында бір ойға келесің. Осы Алаш зиялылар мен байлардың, ел ішіндегі діни моллалардың бір ортақ миссиялары болды, ол қайткен күнде жалпы елді сақтап қалу. Себебі бұл адамдар үшін өздерінің жеке бастарынан елдің тұтастығын сақтау қымбаттырақ болды. Олар сол кездегі ахуалды түсіне отырып, өскелең ұрпақтың болашағын ойлап, мемлекет тұтастығына аландап, ел үшін жандарын қиып кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «КСРО-дағы саяси террордың құрбандары» ДБ; Алматы қаласы бойынша ҚР ҰҚКД мәліметтері; Қазақстан Республикасы ІІМ
- 2 Государственный архив Карагандинской области (ГАКО). Ф. 1500. Оп.д.15.
- 3 Попов Ю.Г. Ботакаринское «Красное колесо» //Индустриальная Караганда. - Караганда, 2011. - 23 апр. (№ 47). - С. 8
- 4 Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: "Фонд XXI век", 1997. С.9
- 4 Шаймұханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Қарлап. - Алматы, 1997. -19-20 бб.
- 5 Н.А. Бейсенбекова, З.Ғ. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбақова. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008.-438 бет.